

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 01 сәуір»

Астана қаласы

№ 53-П

город Астана

**«Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік
қоғамының қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы 2021 жылғы 07 сәуірдегі бекіткен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес, сондай-ақ «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 11 наурыздағы №2/2022 шешімімен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереженің 15-тармағының 22) тармақшасына, «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 16 мамырдағы №5/2022 шешімімен бекітілген «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Республикалық ғарыштық байланыс орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қоғам) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің Комплаенс-офицері Б. Т. Дюсенов:

1) қоғамда 2025 жылғы 20 мамырдан бастап 2025 жылғы 30 маусымға дейін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган

айқындаған тәртіпке және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мынадай бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізсін:

Қоғамның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты, оларды жою жөніндегі ұсынымдарды және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын дайындалған талдамалық анықтаманы Қоғамның Басқарма төрағасының қарауына ұсынсын;

3) 2025 жылғы 16 шілдеге дейінгі мерзімде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат Қоғамның интернет – ресурсында орналастырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрағасы

М.Жуйриктаев